

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ**

«Қазгидромет» РМК



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №50
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)**

«15» шілдеге 2022 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «14» шілде күні 21 сағаттан «15» шілде күні 21 сағ. дейін 2022 ж.)

құрастырылған уақыты: 14.07.2022 ж.

Мекен жайы : Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Саханова А.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Молдағалиева А.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-64-87	e-mail: seli@meteo.kz

**2022 жылғы «15» шілдеге
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

Іле Алатау	Күндіз аздаған жаңбыр (0,0-0,9 мм). Шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 15-20 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 9-14 градус жылы.
Күнгеі Алатау	Күндіз аздаған жаңбыр (0,0-0,9 мм). Шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 18-23 градус жылы.
Теріскей Алатау	Күндіз аздаған жаңбыр (0,0-0,9 мм). Шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 19-24 градус жылы.
Жетісу Алатау	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай күтіледі. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 13-18 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 10-15 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-3,0 мм), найзағай, бұршақ күтіледі. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 26-31 градус жылы.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-3,0 мм), найзағай, бұршақ күтіледі. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 26-31 градус жылы.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз. Шығыстан жел соғады, күші 5-10 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 22-27 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 26-31 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Кей жерлерде шаңды дауыл күтіледі. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 25-30, күндіз 40-45 жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, кей жерлерде 2, күндіз 20-25, кей жерлерде 10-15 жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 28-33 жылы.
Қазақстандық Алтай	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай күтіледі. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, кей жерлерде 5, күндіз 26-31, кей жерлерде 21 жылы.

2022 жылғы 13 шілдедегі жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің шамалы ауытқуы байқалды. Бір тәулік ішінде жауын-шашын әсерінен кейбір өзендерде су деңгейі көтерілді: Құмбел өзені сағасында – су деңгейінің 2 см-ге, Талғар өзені – Талғар ГБ-те 5 см-ге көтерілуі байқалды. Үлкен Алматы көлінде су деңгейі 13 см-ге көтерілді. Таулардағы температуралық фон 3°C-дан 18°C-ға дейінгі жылу диапазонында сақталады. Нөлдік изотерма теңіз деңгейінен 4030 м биіктікте орналасқан.

Білімқұмарлар үшін селдер туралы мәліметтер

Тарихи анықтама

Шілде-жаңбыр мен гляциалдық генезисті селдердің қалыптасуының ең белсенді кезеңі. 1999 жылдың 14 шілдесінде Беделбай өзенінің алабында (Кіші Алматы өзенінің сол саласы) жаңбыр селі қалыптасты. Орта таулы аймақтың жергілікті бөлігінде өте қатты жауын-шашын түсті. "Медеу" гидропостында 106 мм жауын-шашын тіркелді,



биік таулы аймақта жауын-шашын қатты түрде түскен. Жаңбырдың жаууы топырақтың едәуір алдыңғы ылғалдануы аясында болды. Негізгі селдің пайда болуы шұңқырларда, ал оның дамуы ежелгі моренада пайда болған кесіндіде жүрді. Сел Алматы-Медеу автомобиль жолының бірнеше телімін, электр беру желісін, сумен және газбен жабдықтау жүйесін қиратты. Кіші Алматы өзенінің арнасындағы өтпелі селден қорғау құрылыстарының арқасында ірі кесектер мен сел массаларының тастары тоқтады, бұл сел сипаттамаларын азайтты.



Балшық бұлтпен көмкерілген селдің сел қоймасына кіруі

1973 жылдың 15 шілдесінде Тұйықсу мұздығындағы №2 көлдің жарылуы нәтижесінде Кіші Алматы өзенінің алабында гляциалдық сел қалыптасты. Жарылған көлдің көлемі 225 мың м³, серпінді су тасқынының максималды шығыны - шамамен 350 м³/с. Сел ағыны Медеу сел қоймасына шамамен 10 мың м³/с шығынмен, көлемі – 3,8 млн м³ және сел массасының тығыздығы-2390 кг/м³ кірді. Селді қалыптастыруға қатысқан кеуек судың көлемі жарылған көл суының көлемінен 2 есе асып түсті. Нәтижесінде сел көлемі шамамен 3 есеге өсті. Толықтай мына кітаптан оқуға болады: Яфязова Р.К. «Природа селей Заилийского Алатау. Проблемы адаптации». – Алматы, 2007. – 158 б.

**Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер
2022 ж. "14" шілдеге**

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м ³ /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лай-лылық
				Макс. 13.07	Мин. 14.07	08 сағ. 14.07	Күн. 13.07	Түн. 14.07	Орт. 13.07	08 сағ. 14.07	Орт. 13.07	Макс. 13.07	08 сағ. 14.07		
1	К. Алматы	Мыңжылқы М	3017	8.9	3.1		3.5							*	*
2	К. Алматы	Мыңжылқы ГБ	3017			3.0			271	269				0	*
3	К. Алматы	Тұйықсу а. ГБ	2466			11.0			623	623	3.44	3.44	3.44	0	*
4	К. Алматы	Шымбұлақ М	2200	16.2	8.1		1.0							*	*
5	К. Алматы	Сарысай ГБ	1928			13.0			277	276	3.15	3.15	3.00	0	0
6	К. Алматы	Медеу ГБ	1700			14.0			113	113				0	0
7	Батарейка	Просвещенец ГБ	1569			15.0			51	51				0	0
8	К. Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			15.0			190	190	1.75	1.75	1.75	0	0
9	Бұтақ	Бұтақ ГБ	1475			16.0			248	248				0	0
10	Ү. Алматы	көл. 1.1 км жоғарыдағы ГБ	2654			4.0			322	319	4.17	4.65	3.41	-1	1
11	Ү. Алматы	Проходной ө. 2 км жоғарыдағы ГБ	1471			18.0			281	281				0	*
12	Құмбел	Устье ГБ	2150			10.0	4.0		68	69				+2	*
13	Проходная	Устье ГБ	1422			11.0			286	285	2.40	2.53	2.28	0	*
14	Терісбұтақ	Устье ГБ	1362			12.0			216	215	0.89	0.92	0.87	0	*
15	Қаскелең	Қаскелең ГБ	1133			16.0	1.0		292	290	6.93	7.13	6.53	-1	
16	Түрген	Таутүрген ГБ	1054			17.0	6.0		113	111	0.9	0.94	0.85	-2	*
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			18.0	1.0		220	220				0	*
18	Талғар	Талғар ГБ	1199			16.0	0.9		338	335				+5	2
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауында ГБ	2500	13.6	4.2		1.1		235	245				+13	*

Ескертпе:

* - деректер жоқ

Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

«15» шілдеге 2022 ж.

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Маусымдық қар сызығы климаттық қар сызығына жақын. Мұздықтарда қар жамылғысының еруі жалғасуда. Орта таулы аймағында топырақтың ылғалдануы азаюда, бірақ алдыңғыдай жоғары; биік таулы аймақта топырақтың ылғалдануы төмендеуде. Күндіз аздаған жаңбыр (0,0-0,9 мм). Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді.
	Күнгей Алатауы	
	Теріскей Алатау	
Жетісу	Жетісу Алатауы	Мұздықтарда қар жамылғысының еруі жалғасуда. Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай күтіледі. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Мұздықтарда қар жамылғысының еруі жалғасуда. Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-3 мм), найзағай, бұршақ күтіледі. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Жауын-шашын күтілмейді. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Жауын-шашын күтілмейді. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Жауын-шашын күтілмейді. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Мұздықтарда қар жамылғысының еруі жалғасуда. Жауын-шашын күтілмейді. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Мұздықтарда қар жамылғысының еруі жалғасуда. Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай күтіледі. Мұндай жауын-шашынның түсуі жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға алып келмейді.